

Кенен Әзірбаевты Жазушылар одағында әр кез көрсем де, сұхбаттасып танысқаным 1948 жылы Шу ауданындағы Кеңес аулы болды.

Қуандық пен Қатаған

Қара сөзді матаған, — деп дарынды ақын Жамбыл айтатын. Ақын Қуандықтың туған ауылы еді бұл. Кенекеңнің ауылы бұл ауылмен қанаттас, құда-жекжат аралас. Кенекең осы жылы ауылды аралауға келіп қалыпты. Қасында жұбайы Насиха бар.

Қонақжай халқымыздың сый-құрметіне бөленген Кенекеңмен үш күн бойы бірге жүрдім. Мен сонда ғана сездім. Кенен Жетісудың ақын-жырауларын түгелдей біледі екен. Ол Қуандық туралы, Шашубай туралы көп әңгіме айтты.

Бірде Қуандықпен аталас Қасабектің үйінде Шашубай отырады. Оның үстіне ұзын бойлы, ашаң жүзді, қапсағай денелі, шүңірек көзді Қуандық кіріп келеді. Сонда Шашубай гармонын ала салып:

Мен өзім қыздар құрған  
басқұрыңдай,

Ойнаймын желідегі жас  
құлындай.

Апырай Қуандық-ай

қайдаң келдің,

Шөл жердің кісі жейтін

қасқырындай, — деп дүрсе қоя береді. Сонда Қуандық жұлып алғандай:

Қасқыр болсам сен  
қойсың, басып жейтін  
Шөл жер болса қуырып  
асып жейтін.

Келмей жатып тиісіп  
көрінгенге

Сендей ақын өзінің басын  
жейтін.

Мен Қуандық ел менен  
жұрт біледі

Сені тек қыз-келіншек, ат  
біледі,

Келмей жатып тиісіп

Қуандыққа

Артыңнан қандай шайтан  
түрткіледі.

Едірейіп шығыпты екі  
мұртың

Гармонменен бұзыпсың  
елдің шырқын

Қайдан ғана құтырдың,  
сен ақыным,

Күн көріп жүрген жерің  
менің жұртым,

— депті.

Кенен бұл сияқты қазақ, қырғыз ақын жырауларының қанатты да ұшқыр, тапқыр да өткір өлең жырларын өте көп айтатын. Және сондай-ақ оның нақыл, қиса, айтыс өлеңдері де өте көп. Кенекең олардың барлығын айтқанда домбыраға қосылған үні асқақтап самғай жөнеледі. Тыңдап отырғанда

өзің беріле, балқып кеткенінді де сезбей қаласың.

Сол кездің өзінде-ақ жиылған жұрт Кенекеңнен «Көкшолақ», «Бозторғай» әндерін қайта-қайта айтқызын тыңдауға құмар-ақ еді. Мұнымен қатар Кенекең әндердің шыққан тарихын баяндап, өзі айтып бергенде, қатыгез заманның өрескел қылығы мен сондағы кедейлердің құлақ тұндырар зарын естігендей боласыз.

Кенекең соғыс кезінде азаматтарды жауға қарсы аттандырып, әділетті халқының ерен еңбегін жырлайды. Оларға бас көз болып, азаматтардың орнын жоқтатпай жұмыс істеуге шақырады. Соғыстың сөзсіз жеңіспен аяқталатынына сенім білдіреді.

Оның соғыс жылдары шығарған «Біздің Отан жеңеді» деген әні ел арасына бірден тарап кетті. Ән жауға қарсы «Ау, аттан» деп басталады да:

Біздің Отан жеңеді,

Кемпір, шал жылама,

Балаларым, келеді, — деп аяқтайды.

Кенекеңнің әндерін ол кезде жұбайы Насиха қосыла орындайтын.

**Б. ТҰЛҒАЖАНОВ.**

Шу ауданы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ

Кор 2175  
Тізбе 1  
Іс 148

Алматы қаласы

Нысанбек  
Төрешұлов

Қ. Шоршақов, Б. Тұрмажанов.  
"Әлеуметтік әсері", "Кенен".  
Әстеміктер.  
"Еңбек туы" газетінің  
қиындатылғаны.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1974

Құжат саны \_\_\_\_\_

Парақ саны 2